

## УНИВЕРСИТЕТТИҢ САЙТЫНА ОРНАЛАСТЫРЫЛАТЫН МӘТІНДІК МАТЕРИАЛДАР МЕН ФОТОСУРЕТТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

[www.abaiuniversity.edu.kz](http://www.abaiuniversity.edu.kz) ресурсында орналастырылған ақпарат келесі өлшемдерге сәйкес келуі керек:

- сенімді болу;
- өзекті;
- ақпараттық;
- үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ұсынылған;
- аударма түпнұсқаға сәйкес келуі керек;
- материал мәтінде орфографиялық және грамматикалық қателер болмауы керек.

Сайтта орналастырылған барлық ақпарат алдын ала тексеріліп, жарияланар алдында модерацияланады. **Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қоғаммен байланыс бөлімі** іс-шара туралы хабарландыру, жаңалықтар немесе басқа да ақпараттарды редакциялау құқығын, сондай-ақ анықталған қателіктер мен басқа сәйкессіздіктер жойылғанға дейін ақпаратты орналастырудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### **Сайтқа жариялау үшін ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптар:**

1. Ақпарат жариялау себебін сауатты және түсінікті сипаттауы тиіс. Мәтін қысқа және мағыналы болуы керек.
2. Материалдар «Хабарландырулар» бөліміне іс-шара басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ұсынылуы керек.
3. Сайтқа орналастыруға жаңалықтарды іс-шараға жауапты адам іс-шарадан кейін екі күннен кешіктірмей үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ұсынады, мәтіннің көлемі 0,5-1 беттен аспауы қажет. **Мақалада тақырып болуы керек.** Фотоматериал саны – 5-15 фотодан артық болмауы тиіс.
4. Жаңалықтар күн сайын жаңарып отырады. Жаңалықтарды таңдау кезінде жаңалықтар университет қызметінің ауқымымен сәйкес келуі керек деген талап сақталуы қажет. Мәтінде іс-шараның күні, орны, мазмұны және нәтижелері туралы ақпарат берілуі керек.

5. Сайтта орналастыру үшін ақпарат жауапты тұлғаның электронды поштасынан Қоғаммен байланыс бөлімінің [web\\_info@abaiuniversity.edu.kz](mailto:web_info@abaiuniversity.edu.kz) поштасына жіберілуі керек.

6. Ақпаратты жариялағыңыз келетін бөлімді немесе сілтемені көрсету міндетті (Мысалы: «Институт» бөлімі <https://abaiuniversity.edu.kz/kz/3/page/>).

7. Мәтіндік ақпарат келесі талаптарды орындай отырып, Word форматында жіберілуі керек:

- аббревиатуралар мен инициалдарды міндетті түрде толық нұсқасымен бірге беру қажет;

- құжаттың электрондық көшірмесіндегі сканерленген мәтін оқылатын болуы керек;

- құжаттар тек веб-сайтта орналастыруға дайын формада қабылданады.

8. Егер жіберілген материал ақпараттық беттер немесе құжаттар жиынтығы болса, олардың көрсетілу реті белгіленуі керек.

9. Сайтқа орналастыру үшін ұсынылған материалға департамент (институт) директорының және сайтқа жауапты тұлғаның қолы қойылуы керек.

### **Фотоматериалдарға қойылатын талаптар:**

1. Фотосуреттер, логотиптер мен графикалық материалдар өлшемі 600 пиксельден кем емес бөлек файлдарда, графикалық файл кеңейтімдері: jpg, jpeg, png, gif;

2. Фотосуреттер сапалы болуы керек; бұлыңғыр, бұрылмаған, анық емес фотосуреттерді орналастыруға рұқсат жоқ;

3. Мәтіндік құжаттарға салынған фотосуреттер **ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ**.

*Сайт әкімшілігі кез-келген уақытта қолданушыларға алдын-ала ескертусіз «Сайтқа орналастыруға арналған материалдарға қойылатын талаптарды» өзгерте немесе толықтыра алады. Өзгерістер Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ресми сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.*